

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 шілде N 1145. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1789 қаулысымен

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті туралы ереже;
Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм

және спорт департаментіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының жастар ісі, туризм және спорт министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 қаңтардағы N 49 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 3, 24-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 шілдедегі
N 1145 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет
министрлігінің Туризм және спорт департаменті
(Білім және мәдениетминінің Турспорт департаменті)
туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті (бұдан әрі - Департамент) туризм, дене мәдениеті және спорт саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып т а б ы л а д ы .

2. Департамент Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде, өз қызметінің аясында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді және осы мақсатта заңдарға сәйкес салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Департамент заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

4. Департамент өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқық актілерді, сондай-ақ осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

5. Департаменттің штаттық санын Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет м и н и с т р і б е л г і л е й д і .

6. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген бюджеттің қаржының есебінен жүзеге асырылады.

II. Департаменттің міндеттері мен функциялары

7. Департаменттің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасында дене мәдениеті мен спортты дамыту, спорттық резерві және халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау; туризмнің, дене мәдениетінің және спорттың материалдық-техникалық базасын құру және нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту; саланың ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін ұйымдастыру; республикада және шетелдерде туристік және спорттық ұйымдар үшін мамандар даярлауды ұйымдастыру және реттеу, олардың іскерлік біліктілігін арттыру, сондай-ақ мамандарды ұтымды пайдалану, туристік және спорттық қ о з ғ а л ы с т ы н а с и х а т т а у ;

мүдделі ведомстволармен бірлесіп туризм, дене тәрбиесі және спорт аясында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу; республикалық министрліктердің, ведомстволардың, басқа да ұйымдардың туризмді, дене мәдениетін және спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты

жүзеге асыруы мәселелері жөніндегі қызметтерін үйлестіру, сондай-ақ облыстардың және астананың әкімдерімен саланың өзекті мәселелерін практикалық шешуге қатысты мәселелер бойынша өзара іс-қимылдар жасасу
б о л ы п т а б ы л а д ы .

8. Негізгі міндеттеріне сәйкес Департамент мынадай функцияларды жүзеге а с ы р а д ы :

туризмді, дене мәдениетін және спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асырады, туризмді, дене мәдениетін және спортты дамыту проблемалары жөніндегі перспективалық, ағымдағы, мақсатты бағдарламаларды жүзеге асырады; республиканың түрлі ұйымдарының халықаралық және ішкі туризмді, дене мәдениетін және спортты дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту және ұтымды, тиімді пайдалану, ақпарат-жарнама ісін дамыту, ғылыми зерттеулерді және өз қызметінің басқа да бағыттарын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес саланы дамыту, жұмыс істеп тұрған, оның ішінде туристік, спорттық, сувенирлік және басқа да өнімдерге арналған ұйымдарды кеңейту және қайта жаңарту үшін инвестициялар тартудың бірыңғай стратегиясын қалыптастырады және жүзеге асырады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес халықаралық, аймақаралық және ішкі туристік және спорттық байланыстарды, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге а с ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларымен, мамандармен, жетекші бапкерлермен және спортшылармен келісім-шарттар жасасады;

ведомстволық және аумақтық тиесілілігіне қарамастан спорттық ғимараттардың, базалардың және ұйымдардың барлық басшыларының атқаруы үшін міндетті спорт ғимараттарын пайдалану жөніндегі нормативтер мен талаптарды және спорт шараларын, оқу-жаттығу процестерін және жиындарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін әзірлейді және бекітеді;

туристік және спорттық ұйымдарды жарактандырудың нормативтерін, туристерге қызмет көрсетудің стандарттарын әзірлейді және бекітеді, қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен туристік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиялар береді және оларды кері қайтарып алады;

республиканың туризм, дене мәдениеті және спорт мәселелері жөніндегі заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады, саланың халықаралық және аймақаралық шарттарының, үкіметаралық келісімдердің жобаларын дайындауға және оларды жүзеге асыруға қатысады;

бұқаралық ақпарат құралдары, баспасөз, радио және теледидар арқылы саланың ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін ұйымдастыруды, халықаралық

көрмелер мен жәрменкелерді дайындауды, өткізуді және оларға қатысуды жүзеге асырады ;

спорттық лотереяларды ұйымдастыру мен өткізуді үйлестіреді, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, оларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өткізудің шарттарын белгіленген тәртіппен бекітеді ;

жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша спорттық, бұқаралық және ойын-сауық шаралары кезінде спорттық лотереялар өткізуге рұқсат береді; туристік және спорттық ұйымдарға ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады ;

ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырылатын туристік және спорттық шаралардың жоспарларын үйлестіреді, шаралардың, жарыстардың бірыңғай күнтізбелік жоспарларын әзірлейді, олардың өткізілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады ;

Қазақстан Республикасының құрама командаларын даярлауды жүзеге асырады және республика спортшыларының ТМД елдері, Европа, Әлем чемпионаттарына, Олимпиадалық және Азиялық ойындарға, басқа да халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп спорттық резервті даярлау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан спорт клубтарының, мектептерінің және ғимараттарының, олимпиадалық даярлықтың ведомствоаралық және салалық орталықтарының желісін дамытуды, сондай-ақ оларда оқу-жаттығу процесі мен допинг-бақылауды ұйымдастыруды үйлестіреді.

9 . Д е п а р т а м е н т т і ң :

туристік қызметті лицензиялауға ;

республикадағы туристік ағымды реттеуді, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер және Ішкі істер министрліктерімен келісе отырып, республикадан тысқары жерлерге баратын туристер мен спортшыларға, спорттық ресми делегацияларға шығу құжаттарын ресімдеуді жүзеге асыруға ;

белгіленген тәртіппен халықаралық, аймақаралық, туристік және спорттық ұйымдарда республиканың мүдделерін білдіруге ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің, саланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен жоспарларының жобаларын әзірлеуге қатысуға ;

туристік және саяхаттық бағдарламалар мен бағыттарды әзірлеуге және бекітуге ;

кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, олардың қызметін әдістемелік қамтамасыз ету бағдарламаларын бекітуге және

үйлестіруге, симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, оқытудың және туризм, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мамандармен тәжірибе алмасудың баса да нысандарын ұйымдастыруға;

белгіленген тәртіппен туристік және спорттық шараларға қатысушыларды материалдық қамтамасыз ету шығыстарының нормаларын бекітуге;

халықаралық, аймақаралық және республикалық туристік шаралар, спорттық жарыстар және жиындар өткізуге, оларды өткізуге арналған қаражатты жинақтауды жүзеге асыруға;

спорттық жарыстар мен жиындарды өткізудің ережелерін, спорт түрлерінің спорттық жіктемесін, бағдарламалық-әдістемелік және оларды өткізу жөніндегі жұмыстарды регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттарды бекітуге;

белгіленген тәртіппен республикалық спорттық және басқа да шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, туристік және спорттық ұйымдардың қызметкерлеріне спорттық және құрметті атақтар беру, олардың медальдармен, белгілермен, дипломдармен, жүлделермен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапаттау, жаттықтырушы-оқытушы құрамға санаттар беру мәселелерін шешуге құқығы бар.

III. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

10. Департаментті Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Директордың оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі тағайындайтын және босататын бір орынбасары болады.

11. Д и р е к т о р :

Департаменттің қызметіне басшылық жасайды;

Департаментке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін жеке жауап береді;

Департаменттің орталық аппаратының қызметкерлерін, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының басшыларын тағайындайды және босатады;

өз құзыретінің шегінде Департаменттің барлық бөлімшелері мен департаменттің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар мен өкімдер береді;

Департаменттің жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге

асырады;

белгіленген адам саны мен еңбекақы қорының шегінде Департаменттің орталық аппаратының штаттық кестесін бекітеді.

12. Туризм және спорт жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармаларының басшыларын Департаментпен келісе отырып тиісті әкімдер қызметке тағайындайды және босатады.

13. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 шілдедегі
N 1145 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет
министрлігінің Туризм және спорт департаментіне
ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

I. Оқу орындары

Спорттың бұқаралық түрлері, Алматы қаласы;
спорттың ойындық және қысқы түрлері, Алматы қаласы;
спорттың қолданбалы түрлері, Алматы қаласы бойынша республикалық
жоғары спорттық шеберлік мектептері;

Республикалық олимпиадалық резерв мамандандырылған
балалар-жасөспірімдер мектебі, Алматы қаласы;

Қ.Мұңайтпасов атындағы N 1 республикалық спорт колледжі, Алматы
қаласы;

N 2 Республикалық спорт колледжі, Алматы қаласы

2. Спорт ғимараттары

Республикалық маңызы бар:

"Монтажник" спорттық-сауықтыру кешені, Алматы облысы;

"Медеу" спорт кешені, Алматы қаласы;

Орталық стадион, Алматы қаласы;

Балуан Шолақ атындағы Мәдениет және спорт сарайы, Алматы қаласы;

Орталық жүзу бассейні, Алматы қаласы;

"Достық" оқу-спорт кешені, Алматы қаласы.

Облыстық бағыныстағы:

Талдықорғанның "Өркен" спорт кешені;

Талдықорғанның "Жетісу" стадионы;

Ақтөбенің қалалық спорт кешені;

Қарағандының Н.Әбдіров атындағы спорт комбинаты.

Басқа да ұйымдар:

"Қазспортқамтамасызету" басқармасы;

Спорт түрлері бойынша штаттық ұлттық командалар дирекциясы;

Республикалық оқу-әдістемелік кабинеті;

Шымкент аймақтық спорт лотереялары кәсіпорны;

Ақмола аймақтық спорт лотереялары кәсіпорны;

Ақтөбе аймақтық спорт лотереялары кәсіпорны;

Шығыс Қазақстан аймақтық спорт лотереялары кәсіпорны;

Қарағанды аймақтық спорт лотереялары кәсіпорны;